

Әзденіп білім алаңыз, игілігін көресіз. Ойды ортаға салаңыз, елге пайда бересіз.



№1 (349)
15 қаңтар, 2021 жыл

МАҢҒЫСТАУ МҰҒАЛІМІ

Ақпараттық, танымдық және әдістемелік басылым 2006 жылдың 6 мамырынан бастап шыға бастады

Мектеп мақтанышы

Жақында екі кезеңнен тұратын «Мың бала» ұлттық олимпиадасы өз мәресіне жетті. Бейнеу ауданы бойынша республикалық кезеңге 79 оқушы қатысып, 13 оқушы жеңімпаз атанды. 14.12.2020 күні Бейнеу ауданының әкімі Б.Әбілов аталмыш байқау жеңімпаздарына Елбасы қорынан бөлінген бағалы сыйлықтарды табыстады. Қарақұм орта мектебінің 6 сынып оқушысы Жалғасова Қырмызы қатысып, қазақ тілі және математика




пәндері бойынша жоғары нәтиже көрсетіп, аудан әкімінің бағалы сыйлығымен марапатталып келді. Қырмызыға әлі де алар асуың, бағындырар белесің көп болсын деген тілек тілейміз!


Асланбек ОССАЛАМОВ,
Қарақұм орта мектебінің
дене тәрбиесі және спорт пәні
мұғалімі

Музей педагогикасы – тұлғаның жалпы мәдени құзыреттілігін дамытатын инновациялық технология

Маңғыстау облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі орталығының 2020 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес, 11 желтоқсан күні жалпы орта білім беру ұйымдарының музей жетекшілеріне, аудандық/қалалық білім үйлестіру орталықтарының әдіскерлеріне, тарих және география пәнінің педагогтарына әдістемелік көмек көрсету, олардың кәсіби шеберлігін арттыру, тарих




семинарды жүргізіп отырды. «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Маңғыстау облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты Айджанова Замира Жанадиловна «Музей педагогикасы – тұлғаның жалпы мәдени құзыреттілігін дамытатын инновациялық технология»; Әбіш Кекілбайұлы атындағы Маңғыстау облыстық тарихи-өлкетану музейінің экскурсия – көпшілік жұмыстары бөлімінің қоғаммен байланыс менеджері Наушабаева Алия



Асқарқызы «Музей – өңірдегі білім беру, тарихи және мәдени туризмді дамытудың маңызды ресурсы»;

Мұнайлы ауданы, №3 жалпы орта білім беру мектебінің «Қазақтың рәміздер географиясы» музей жетекшісі Байназаров Қуат Кенгесович «Өлкетану» оқулығының музей жұмысында атқаратын рөлі мен тиімділігі» тақырыптарында баяндамалар оқып, қатысушылармен іс-тәжірибелерінен бөлісті.

Қатысушылар практика-




лық жұмыстардың пайдалы болғанын, осы бағытта бейне семинарларды жиі өткізу керектігі туралы ұсыныстарын білдіріп, жұмыс барысындағы мәселелерімен бөлісті.

Семинардың толық нұсқасы орталықтың сайтына (<https://ocdt.kz/kz/>) орналастырылды.

Арайлым АЙТЕКЕНОВА,
Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмінің орталығы
Туризм-өлкетану бөлімінің әдіскері

Әріптесіміздің мақаласы «М.Қашқариды еске алуға арналған түркия және түркі әлемі зерттеулері» кітабында



Түркі әлеміне ортақ алып тұлға Махмұд Қашқари туралы Түркияның Анкара қаласында IKSAD INTERNATIONAL PUBLISHING HOUSE баспасынан «М.Қашқариды еске алуға арналған Түркия және түркі әлемі зерттеулері (KÂŞGARLI MAHMUD ANISINA TÜRKİYE VE TÜRK DÜNYASI ARAŞTIRMALARI-VII)» тақырыбында кітап шықты.

2020 жылдың желтоқсан айында жарық көрген бұл кітапта «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Маңғыстау облысы бойынша ПҚ БАИ аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі Г.Т.Мамутованың «М.Қашқари еңбегіндегі тұлға мәселесі мен жаңартылған білім мазмұны бағдарламасындағы тұлғаға бағдарланған тәсілдің сабақтастығы» тақырыбындағы мақаласы жарияланды.

Ғұлама ғалымның еңбегін зерттеуге бүкіл Түркі әлемі ғалымдарымен бірге үлесін қосқан әріптесімізге шығармашылық табыс тілейміз!

Роза ЖҮСПОВА,
«Өрлеу» БАҰО» АҚФ Маңғыстау облысы бойынша ПҚ БАИ-ның PR, SMM маманы



Мақсатымыз – жемқорлықсыз қоғам құру



Жемқорлық жайласа, оның қоғам үшін қаупі орасан зор. Жем-

қорлық орын алған қоғам жан-жақты дамымайтыны да белгілі. Ол ел экономикасының тіпті қай-қай саланың дамуына да әсер етіп, аксатады.

Қазіргі таңда осындай мәселелерден аулақ болуға шақыратын іс-шаралар елімізде жүзеге асып жатыр. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң шығып, оның орындалуы Елбасы және құқық қорғау органдары тарапынан қадағалануда. Халық болып жемқорлыққа жаппай күрес жүргізілуде. Болашағымыз жастар болғандықтан, жемқорлықпен күрес мектеп қабырғасынан бастап үйретілуде. Бүгінде мектептерде оқушыларға адалдық туралы тәрбиелік мақсатта-

ғы сабақтар жүргізіліп, адалдық бұрыштары жасақталынған.

Бұл айтулы мәселе тамырын тереңге жаймай тұрғанда бүкіл халық болып күресуге міндеттіміз. Сыбайлас жемқорлықпен күресудің түрлі құралдары бар. Атап айтсақ: қызметкерлер декларациялары, түрлі саладағы сенім телефондары, халық қырағылығының күшеюі, т.б.

Байқасаңыз, соңғы жылдары жемқорларды ауыздықтау, қоғамымыздан аластатуға тырысу сияқты мәселе басты назарға алынып келеді. Сол себепті де кәсіпкерлер мен салық органдары, басқа да тексеруші орталықтар, кәсіпкерлер мен банктер арасындағы ахуал толық тазарып, бір-бірімен тығыз қарым-

қатынас жасау мәдениеті жоғарылап келеді.

Бұл дертпен болашағымыз жарқын болуы үшін бүкіл қоғам болып күресуіміз керек. Әрине, ауызбен айта салатын оңай шешілер мәселе емес. Дегенмен, бірігіп жасалған іс өз нәтижесін береді деп сенемін. Егемен еліміздің тұғырлылығына сеніммен қарап, нақты қадамдарды бірге жасайық!

Ақмоншақ ШАНДАҚБАЕВА,
№5 орта мектептің ағылшын тілі
пәні мұғалімі,
Қарақия ауданы, Мұнайшы
ауылы

1 желтоқсан – Тұңғыш Президент күніне орай атқарылған іс шара

Тұңғыш Президент күні 2011 жылдың 10 желтоқсанында парламент сенатының толық отырысында қол қойылып, бүкіл елден қолдау таба білген мереке. Бұл мерекенің мемлекеттік деңгейде аталып өтілуі маңызды және тарихы да тереңде жатыр.



1991 жылдың 1 желтоқсанында тұңғыш рет қазақ даласында Президент сайлауы болып өтті. Міне, осынау тарихи күні қазақтың маңдайына Нұрсұлтандай ұлт перзентін жазды. Бүкіл халықтық сайлауда дауыс берушілердің 98,7 даусына ие болып, бір ауыздан ел Президенті атанды.

Осы аталмыш мереке 1 желтоқсан – Тұңғыш Президент күніне орай, Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі орталығының қызметкерлері «Егеменді ел және Елбасы» тақырыбында «Әбіш Кекілбайұлы атындағы Маңғыстау облыстық тарихи-өлкетану музейіне» танымдық экскурсиясын жасады.

Заман талабына сай салынған ғимараттың тарихи-өлкетану музей атануының өзіндік мәні бар. Музейге есімі берілген кемеңгер жазушы Әбіш Кекілбайұлы – өз өмірі мен қызмет жолында туған жеріне, Отанына арнаған әрбір



шығармаларында тарихи-ескерткіштерге мән беріп, зерттеуге үлес қосқан аңыз тұлға.

Тоғыз бөлімнен тұратын еңселі ғимараттың ең алғашқы залы – Әбіш Кекілбаевтың азаматтық болмысын, әлемді мойындатқан шығармалары мен еңбек жолдарын, қилы тағдырын баяндауға арналса, келесі залда жазушының өткен өмірі, түрлі сый-құрметке ие болған марапаттары, жұмыс кабинеті және жеке өмірінде қолданған бұйымдары бар.

Сонымен қатар, «Тәуелсіз Қазақстан» залына да шолу жасалып, ҚР-ның Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Маңғыстау өлкесіне арнайы келген іссапарында музейге тарту еткен басты жәдігерлерінің бірі – естелік жазба кітабы, музей экспонаттары таныстырылды.

Тарихи-өлкетану музейі бастапқы «кірпіш», бастапқы буын болып табылады. Сол кірпіштер негізінде өлкеде қолжетімді



әдістермен рухани-мәдени санамызбен Отан сүйгіштігіміз қалыптасады. Сондықтан да барлық өлке тұрғындары ол жерлерді балаларымен бірге барып көруі керек. Сол арқылы оқушыларда өткеннің тарихымен мәдени-рухани құндылықтарына деген сыйластық сезімі қалыптасады.

Жансая ӘЛЖАН,
Облыстық балалар және жасөспірімдер туризмі орталығының
Ақпараттық – талдау бөлімінің әдіскері

«Экотуризм – оның маңызы мен болашағы» тақырыбында білім беру ұйымдарының педагогтері арасындағы облыстық әдістемелік кеңесі

Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмінің орталығы ағымдағы жылдың 9 желтоқсан күні «ZOOM» платформасы арқылы Маңғыстау облысының аумағындағы табиғи және мәдени-этнографиялық ескерткіштердің ерекшеліктері туралы мағлұмат, түсініктер алу, қаз-қалпында сақталған табиғат орындарына саяхат жасау мақсатында «Экотуризм – оның маңызы мен болашағы» тақырыбында қашықтықтан облыстық әдістемелік кеңесін өткізді.

Әдістемелік кеңеске облыстық техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтері, экология-биология саласы бойынша

жетекші мамандар және аудандық/қалалық білім бөлімдерінің әдіскерлері мен жалпы орта білім беру мекемелерінің жаратылыстану бағытындағы пән мұғалімдерінен 90 қатысушы қамтылды.



Кеңес барысында аймақтағы табиғатты қорғау және экотуризмді дамыту туралы сөз қозғалып, «Экотуризм дегеніміз не?», «Үстірт мемлекеттік табиғи қорығындағы ғылыми – танымдық жұмыстар», «Қызылсай мемлекеттік аумақтық табиғи паркі аумағындағы туристік маршруттар» және «Тарихи – мәдени ескерт-



кіштердің туризмдегі рөлі, экотуризм мәдениеті», «Спорттық туризмнің түрлері» тақырыптарында баяндамалар оқылды.

Қатысушылар әдістемелік кеңес соңында өлкеміздің экотуризм саласының белсенді дамуына бірге атсалысатынын білдіріп, өз пікірлері мен ұсыныстарын ұсынды.

Исмағұл ТӨРЕМҰРАТ,
Облыстық балалар және жасөспірімдер туризмі орталығының
Экология-биология бөлімінің әдіскері



Абай мұрасы - ұрпаққа аманат

Биыл қазақ халқының ұлы ақыны, ағартушы, ұлттың жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, философ, ғұлама, ойшыл Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жылдық мерей тойы жоғары деңгейде аталып өтуде. Тұңғыш Президент Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Абай әлем мойындаған дана ұстаз, ақын және адамзаттың данышпаны. Данышпан Абайдың ұлылығы мен ерекшелігі, табандылық пен мақсаттылықты дәріптей және оның өз ұлтының санасына енгізе отырып, ұлттық рухты бұрын-соңды болмаған биіктікке көтере алды. Біз Абайдың бойынан табылатын тұлғаға лайықты, тірегіміздің барына алғыс айтуымыз керек», - деген болатын. Бұл ұлы ақынға берілген үлкен баға деп білуіміз қажет.

Жылдың басында Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың ұлы тұлғаның мерейтойына арналған ауқымды мақаласы жарық көрген болатын. Президентіміз ұлы ақынның мерейтойын халықаралық деңгейде аталып өтуі үшін арнайы жоспар қабылдады. Сонымен қатар ұлы ақынның туған күні еліміздің күнтізбелік мерекелік күніне еніп, жыл сайын осы күн мерекелік күн ретінде аталып өтетінін айтты.

Мен еңбек ететін Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданындағы жартығасырлық тарихы бар, білім ордасы да осы ұлы ақын - Абай есімімен аталады. Ауданымызда ұлы ақынның 175 жылдық мерейтойында Абай мұрасын жас ұрпаққа насихаттау мақсатындағы шараларға біздің мектептің де өз үлесі бар екенін айта кету керек. Әлемді жайлаған пандемияның кесірі бәрімізге белгілі. Барлық білім алушылар жаппай қашықтан білім алуға көшті. Осы орайда ақын мерекесіне арналған шаралар мен байқаулар әдеттегідей онлайн түрде жүріп жатыр.

Биыл республикалық «Бір ел - бір кітап» акциясы аясында М.Әуезовтың «Абай жолы» романы жалпыұлттық оқуға ұсынылған болатын. Осы шараға қатыса отырып, мектебіміздің жоғары сынып оқушыларына аталған шығарманы оқуға ұсынылды.

Сонымен қатар мектеп кітапханасында ақын шығармаларына арналған «Адамзаттың Абайы» атты көрме ұйымдастырылды. Көрменің мақсаты ақын шығармаларын зерделеп оқуға, ой-өрісін жүйелеп тануға ықпал ету, насихаттау. Кітап көрмесі «Әлем классиктері - Абай аудармаларын-

да», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Абайдың философиялық дүние танымы» атты бөлімдерден тұрады. Көрмеге ақынның шығармалары қойылды, оқырмандарға ұсынылды. Сонымен қатар ұлы ақынның шығармаларының басқа тілдерге аударылған еңбектерімен де танысты.

Ия, Ұлы ақынды қалай мақтасақ та, дәріптесек те жарасады. Оның ғибратты ғұмырымен, шынайы шығармашылығы, әділдігі, тазалығы, шыншылдығы қазақ халқына ғана емес әлемге өнеге! Абайдың адам мен қоғам, білім мен ғылым, дін мен дәстүр, табиғат пен қоршаған орта, мемлекет пен билік туралы айтқан және жазып кеткен өлеңдері мен қара сөздері ұрпақ есінде ғасырлар бойы маңызын жоғалтпайтыны хақ. Өйткені ақын мұрасы - бүкіл адамзат баласының рухани азығы болатыны анық.

Талшын ҚАРЖАУБАЕВА,
Абай орта мектебінің
кітапхана меңгерушісі,
Бейнеу ауданы

«Маңғыстаунама – 2020» облыстық танымдық өлкетану байқауы

Маңғыстау облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмінің орталығы ағымдағы жылғы 22 желтоқсан күні жалпы орта білім беру ұйымдарындағы мыңжылдық тарихы бар өлке туралы оқушылардың ой-танымын кеңейту, өзіндік көзқарастарын қалыптастыру мақсатында білім алушылары арасында «Маңғыстаунама – 2020» облыстық танымдық өлкетану байқауын қашықтықтан өткізді.

Байқауға облыс, аудан, қала мектептерінің 14-16 жастағы 70-тен астам білім алушылары қатысып, 45 жұмыс қаралды.



Байқау 3 номинацияны қамтыды. Қатысушылар «Маңғыстау аңыздары» номинациясында өлкеміздің аңыздары желісінен алынған сюжетті сурет салса, «Едігенің ісі» сахналық қойылым номинациясы бойынша Едіге батырдың ерліктері туралы бейнероликтерін, «Тарих тереңінде»

номинациясында маңғыстаулық тарихи тұлғалар, экологиялық апатқа ұшыраған өлке аймақтары, тарихи ескерткіштер туралы жазылған эссе ұсынды.



Қазылар алқасының шешімімен «Маңғыстау аңыздары» сурет номинациясы бойынша: Қарақия ауданы, №1 орта мектебінің 10 сынып оқушысы Жұмабай Инжу I орын; Ақтау қаласы, №11 лицейі мен №28 орта мектебінің 9-10 сынып оқушылары Еламан Аружан мен Қайнарбай Ақгүл II орындарды, Бейнеу ауданы, Б. Алтынсарин атындағы орта мектебінің 11 сынып оқушысы Лепесова Гүлдана мен Түпқараған ауданы, М.Горький атындағы мектеп-лицейінің 10 сынып оқушысы Айбулатова Айнур және Мұнайлы ауданы, №7 орта мектебінің 10 сынып оқушысы Қышпақбаев Нұрсұлтан III орындарды иеленсе, Мұнайлы ауданы, №1 орта мектебінің 9 сынып

оқушысы Көшен Шалқар мен Маңғыстау ауданы, Е. Айшуақұлы атындағы орта мектебінің 8 сынып оқушысы Сенбекқызы Кәмила IV орындарды қанжығасына байлады.

«Едігенің ісі» сахналық қойылым номинациясы бойынша: Мұнайлы ауданы, №12 орта мектебінің құрама тобы I орын; Қарақия ауданы, Құрық орта мектеп гимназиясы мен Түпқараған ауданы, М. Әбдіхалыков мектеп гимназиясының құрама топтары II орындарды, Маңғыстау ауданы, Е. Айшуақұлы мен Бейнеу ауданы, Ж. Қалдығараев атындағы орта мектептердің құрама топтары III орындарды және Ақтау қаласы, IT мектеп лицейінің құрама тобы IV орын алды.

«Тарих тереңінде» эссе байқауынан Ақтау қаласы, Түрлі пәндерді тереңдетіп оқытатын дарынды



балаларға арналған облыстық мамандандырылған мектеп-интернатының 10 сынып оқушысы



Құлыбекова Дария I орын; Мұнайлы ауданы, №14 орта мектебінің 9 сынып оқушысы Бөдебай Нұршат пен Жаңаөзен қаласы, Жаңаөзен «Білім – инновация лицей интернатының» 8 сынып оқушысы Аймухан Ерасыл II орындарды және Қарақия ауданы, №3 орта мектебінің 11 сынып оқушысы Қанатқызы Фатима, Маңғыстау ауданы, Шетпе лицейінің 9 сынып оқушысы Уәлихан Арайлым, Түпқараған ауданы, Ақшұқыр мектеп-гимназиясының 9 сынып оқушысы Нұрберген Фатима III орындарды иеленді. Оқушылар орталықтың бағалы сыйлықтарымен, дипломдарымен марапатталды.

Алтынгүл ДЖУМАШЕВА,
Облыстық балалар мен
жасөспірімдер туризмінің
орталығы
Экология-биология бөлімінің
әдіскері

«Қашықтан оқытудағы қиындықтар мен жаңа мүмкіндіктер» тақырыбындағы семинар

Маңғыстау аудандық білім үйлестіру орталығының бұйрығына сай ағымдағы жылдың 9 желтоқсан күні білім беру ұйымдарының бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған ZOOM платформасында «Қашықтан оқытудағы қиындықтар мен жаңа мүмкіндіктер» тақырыбында мұғалімдердің қашықтан оқытудағы қиындықтары мен қашықтан оқытудағы жаңа мүмкіндіктерін анықтау, қашықтан оқытудағы тиімді тәсілдерді ұсыну, білім сапасын көтеру мақсатында семинар болып өтті. Семинарға аудан мектептерінен 66 мұғалім қатысты.



Семинар бағдарламасына сай №7 мектеп-лицейі бастауыш сынып мұғалімі Жұмашбаева Ғ.А. «Қашықтан оқытудағы қиындықтар» тақырыбында және Өтес орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Байбоз Ж.Ж. «Қашықтан оқытудағы жаңа

мүмкіндіктер» тақырыбында, баяндамалар оқыды. «Оқытудағы тиімді тәсілдер» әдебиеттік оқу пәні бойынша 4 сыныпқа Ташетова А., Т.Жалғасбайұлы атындағы Шайыр орта мектебі, дүниетану пәні бойынша 3 сыныпқа Тұяқбаева С.К., Е.Айшуақұлы атындағы орта мектеп, қазақ тілі пәні бойынша 2 сыныпқа Сағызбаева Д., М.Атымов атындағы орта мектеп бастауыш сынып мұғалімдері панорамалық сабақтар көрсетті. Семинар жоғары деңгейде өтті. Семинар қатысушылары баяндамалар тыңдап, панорамалық сабақтарды көру арқылы тәжірибе



алмасты.

Семинарға қатысушы мұғалімдерге алғыс айтамыз.

Күміс ЕРБОЛАТОВА,
Маңғыстау аудандық білім
үйлестіру орталығының әдіскері



ТӘУЕЛСІЗДІК – ТЕҢДЕСІ ЖОҚ БАЙЛЫҒЫМ

*Тәуелсіздік – Қазақ үшін ғажайып құт,
Ғажайып құтқа жүрмейді енді мазақ түк.
Бері мінез Бабалардың арманы –
Айналайын, алтын қанат – Азаттық!
(Әлібек Шегебай)*

Тәуелсіздік – таңбасы тасқа қашалып жазылған, қаны қара жердің тамырында жатқан күдіретті сөз.

Отаным – Қазақстан Республикасы. Қазақстан – тамыры терең тарихы, бай мәдениеті, қайталанбас табиғаты және рухани құндылықтары бар ұлы мемлекет. Қазақ жерінің кеңдігін сөзбен айтып жеткізу, мүмкін емес дүние! Бұлттарды тесіп тұрған асқақ, биік таулары, сылдырлай аққан өзендері, гүлденген даланың барқыт кілемдері, терең, тұңғыш көлдері, жомарт жаны бар, мейірімді және қонақжай адамдары... Солтүстікте әлі қар жауып тұрса, оңтүстіктегі таулардың етегінде жеміс-жидектері, ағаштары қазірдің өзінде гүлдеп, жайқалып өсіп тұрады.

Қазақ тарихында көптеген құлдыраулар мен көтерілістер, жеңістер мен жеңілістер болды. Қазақстанға өз тәуелсіздігін алу үшін қаншама қан мен тер төгілді. Мыңдаған адамдар еліміздің бостандығы үшін күресті, көптеген адамдар Отанымыздың болашағы үшін, азаттық жолында өзін мерт қылды. Ата-бабамыз табиғаттың аясында, киіз үйлерде үйір-үйір жылқыларды, қора-қора қойларды жайып, бағып жүрген еді. Олардың өмірі өзгеріп, бүкіл әлем Қазақстан туралы біліп, сөйлеседі деп ойлаған да жоқ.

Ал қазір ше?...

Ал қазір Қазақстан – бұл тәуелсіз, егемен, демократиялық мемлекет, экономикасы тұрақты және болашаққа тиімді жоспары бар егемен ел. Қазақстанға бейбітшіліктің, азаттықтың, еркіндіктің, егемендіктің бесігінде тербелгелі биыл 29 жыл толып отыр. Еліміздің дамуы ешқашан да бір орында тұрмайды. Жыл сайын мемлекетіміз барған сайын дамып, өсіп келеді. Қазақстанда бүкіл ғасырларды сыйдыра алмайтын көптеген нақты істер, жетістіктер болды,

келешекте де болады. Алдағы атаулы күн, мерейтой біздің Отанымыздың тағдырын бағалайтын, қадірлеп құрметтейтін әрбір адам үшін қымбат. Мен Қазақстан өз жолында кездесетін барлық мәселелерді шешеді деп сенемін, өйткені біз, Қазақстан аумағында тұратын барлық халықтар біргеміз. Тұңғыш рет қолымызға тиген, теңдесі жоқ байлығымыз, тәуелсіздіктің асыл құсын ұшырып алмай берік ұстау бүгінгі ұрпақтың қолында тұрған іс. Сол себепті, егеменді еліміздің қазіргі жас ұрпақтарына тәуелсіздіктің тарихын тереңірек түсіндіру, қадірлете, қастерлете білу баршамыздың міндетіміз!

Ұлмекен ТІЛЕКБАЕВА,
«Мұнайшы ауылы
№ 5 орта мектебінің» КММ-нің
қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі,
Қарақия ауданы

Желтоқсан - жаралы жанның үні бұл

Желтоқсан және Тәуелсіздік бұл - егіз ұғым. Сонау ғасырлар бойы жерімізді, елімізді, отанымызды қасық қаны қалғанша ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен, қызғыштай қорып келген ата-бабаларымызға қанша алғыс айтсақ та көптік етпейді. Тәуелсіздік - бұл азап пен төзімнің халқымыздың сан ғасырлар бойы еркіндікті аңсаған шыдамының өтеуі!



Қазақстан егемендік ел ретінде танылғанына міне 30 жылға жуық уақыт болды. Ия, содан бері

еліміздің тәуелсіздігін ұлттық мейрам ретінде дүбірлетіп тойлап, келе жатқанын әрбір қазақстандық азаматтар жүрегімен сезініп жүр. Қазақ халқы еркіндікке жету үшін қаншама қиынқыстау кезеңдерді бастан кешті. Мыңдаған жылдық тарихы бар. Ал, бері келе кешегі 1986 жылғы оқиға халықтың есінде мәңгі сақталатыны хақ! 16 желтоқсан қазақ жастарының орталық алаңға шығып, Қазақстан тәуелсіздігін талап еткен күні. Сол жастардың ішіндегі Қайрат Рысқұлбековтың қазақ елі үшін шырылдаған үні есіме оралады.

Қайрат – деген атым бар,
Қазақ деген затым бар,
«Еркек тоқты – құрбандық»
Атам десең - атыңдар!

- деп айтқан ұраны әрбір қазақ баласының мәңгі есінде.

Осындай Тәуелсіздігіміздің жолында құрбан болған Қайрат, Ербол, Ләззат, Сабира жайында

қанша айтсақ та артық етпейді. Тәуелсіздікке қол жеткізу ата-бабаларымыздың ежелден аңсаған арманы. 1986 жылы желтоқсан көтерілісі қазақ халқының санасын дүр сілкіндірген күн болды. Ғасырлар бойы арман еткен Тәуелсіздіктің бастауы еді.


Басты байлығымыз жай ғана ұлттық мүдде емес! Азаматтарымыздың мүддесі мен қажеттілігі. Сол үшін Қазақстанның бүгінгі таңдағы күдіретті күші ел бірлігінде және ұлттар татулығында!

Ерлігіңе қуанамын, сүйсінем,
Тәуелсіздік құрбандарға бас ием!
Бәйшешектің солғанына қиналып,
Әділ жандардың қазасына күйінем!
- деген үніммен тәуелсіздік құрбандарын еске аламын.

Амангул НАЗАРБАЕВА,
Күйкен орта мектебінің мұғалімі,
Бейнеу ауданы

ТӘУЕЛСІЗДІК – ЕЛ МҰРАТЫ

қайратын, айбынын танытты.



Тәуелсіздікке ынтымағы жарасқан, ауыз бірлігі берік халық қана қол жеткізе алатынын өткеніміз нақты дәлелдеп берді. Сондықтан о бастан-ақ рулар тайпаларға, тайпалар одақтарға, ал тайпалық одақтар елге, халыққа айналу үшін үздіксіз күресті, жан алысып, жан берісті. Өйткені халық болып қалыптаспай, тәуелсіздікті баянды түрде қолда ұстап тұру да мүмкін емес еді. Мұны бұрынғылар жақсы түсінді.

Тәуелсіз мемлекет болғаннан кейін оның өз заңдары мен талаптары болуы қажет. Осы негізде ата заңымыз қабылданып, ата заңға сүйене отыра қоғамдық келеңсіздіктерді реттейтін, адам құқықтарын қорғайтын заң жобалары қабылданды. Қабылданған заңдарды жүзеге асырушы сот билігі өз біліктіліктерін көрсете білді. Сонау тәуелсіздік алғаннан кейінгі қазіргі

сот саласының айырмашылығы жер мен көктей. Техника мен өркениеттің дамыған заманына тұспа-тұс келген біздің егемендігіміз қарыштап дамуда. Жылдан-жылға дамып, өркендеп келе жатқан біздей мемлекеттің алдағы жетістіктері өте мол деп нық сеніммен айтуға болады.

Қазірде елімізге тыныштық заман орнап, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман келді деп мақтанышпен айта аламыз. Артқа тастаған жиырма тоғыз жылдың ішінде не атқардық деген сауал туса, тізбектеп сөзбен жеткізу мүмкін емес. Бір мемлекетке жетерлік іс тындырылды және жүзеге асырылды. Экономикалық жағдайымыз жақсарып, әл-ауқатымыз артты. Қазақ мектептері мен балабақшалар саны артты. Білім мен денсаулық жағдайына аса мән берілді. Өзге елдермен қарым-қатынасымыз жақсарып, саяси және мәдени қатынастар да үдей түсті. Еліміздің барлық саласындағы қызметкерлерге, шет елдің түрлі саладағы мамандарымен тәжірибе алмасуға жағдай жасалды. Осының бәрі тәуелсіз елдің мақтанышы деуге болады. Еліміздің туы көкте қалықтап, ынтымағы жарасқан ел болайық!

Гульназ КОШКАРБАЕВА,
М.Тынышбаев атындағы
Қазақ көлік және
коммуникациялар академиясы
Ақтау көлік колледжінің
арнайы пәндер оқытушысы



РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Кезегін күткен мәселе

Қазақ халқының өзінің сан алуан қам-қаракет тіршілігінің эмперизмдік (сезімдік тәрбие, сезімдік тәжірибе) тәжірибесін жинақтап, кейінгі ұрпаққа қалдырып келе жатқан ұлттық өнерінің көптеген түрі және өзіндік ерекшеліктері мен үлгілері бар екені белгілі. «Жеті жұрт келіп жеті жұрт кеткен» Маңғыстау өңірінде 17 ғасырдан күні бүгінге дейін, тау өзеніндей тасқын жырларымен ақпа-төкпе ақын жыраулар, олардың сөзін елге таратушы небір термеші, жыршылар, бармағынан бал тамған домбырашы күйшілер, ән әуенін асқақтата алты қырдан асырған әншілер өткен.

Бабаларымыз ән шығаруда қандай шебер болса, нақышты орындауда да сондай шеберлікке жеткен. «Ақылың болса, жыр тыңда», «Жігітке өнер де өнер, өлең де өнер» - деген қазақ халқында небір майталман күміс көмей әншілер, сабырлы да салмақты жыршылар, ақын – жыраулар, бармағынан бал тамызған күйшілер өткен және әр аймақта қайталанбас әншілік, күйшілік дәстүр қалыптасып, сақталынған. Олардың өзіне тән дара қасиеттері – өзіндік әуен-сазы, нақышы, мақамы, домбыра тартудағы қағыс айырмашылықтары, ырғағы, екпіні, тіпті домбыраның екі ішегін пайдалану ерекшеліктеріне дейін тайға таңба басқандай анық байқалып тұрады. Маңғыстауда Қазақстанның басқа аймақтарынан өзгеше өнер саңлақтарының ерекше екі шоғыры бөлек аталады. Олардың бірі «Адайдың бес жүйрігі» де, екіншісі «Адайдың жеті қайқысы» деп аталатын өнер жұлдыздары. Күйшілер: Абыл Тарақұлы, Құлшар Бақтығалиұлы, Есір Айшуақұлы, Жолды, Әлмұрат Құлшарұлы, Төлеубек, Тұрарбек Қойшыбайұлы, Бекен Кендірбайұлы, Сәулебай, Арал Тағаниязұлы, Өскінбай Қалмамбетұлы, Мұрат Өскінбайұлы, Шамғұл Ыбырайымұлы, Атанғұл Сүйесінұлы.

Ақын-жыраулар: Абыл Тілеуұлы, Нұрым Шыршығұлұлы, Ақтан Керейұлы, Қашаған Күржіманұлы, Аралбай Оңғарбекұлы, Өгізбай, Айтуған Тайұлы, Мұрын (Тілеген) Сеңгірбекұлы, Сәттіғұл Жанғабылұлы, Түмен Балтабасұлы, Сүгір Бегендікұлы, Елбай Қосымбайұлы, Қалнияз Шопықұлы, Медетбай Тәжіұлы, Түйте ахун Өтесбайұлы, Шәйім Мұңайтпасұлы, Қожали Мекенұлы, Өмір Қараұлы, Ыбырайым ахун Құлбайұлы, Зәкәрия Жұбанұлы, Ұзақбай Қазжанұлы.

Жыршылар: Айтқұл, Өришан, бәйбіше Дүйсенбай, Қожантай Қойбас, Мұса, Мұқан, Мәулімберді.

Әншілер: Қайып Қорабайұлы, Хамит Өскінбайұлы, Қазықан Нұрғазыұлы, Досат Бәйменбетұлы, Тастемір Тойнашұлы, Әділ Өтеғұлұлы, Тұрсын Алдашұлы, Шолтаман Байсарыұлы және т.б. Осы өнер жұлдыздарының ізбасар – мұрагерлері кейінгі ұрпаққа жеткізуші әнші – жыршылар: Жаксылық Елеусінұлы, Ізбасар Шыртанұлы, Жеткізген Сейітұлы, Күріш Тасболатұлы, Амандық Көмекұлы, Орынбасар Тәжіұлы, Оспан Құлсымақ, Әбіл Жұмағалиұлы, Айгүл Қосанова, Ақмарал Ерімбетова және жас талант Елдос Еміл, Қазақстан халық артисі домбырашы Роза Тайманқызы Айдарбаева, республикаға белгілі домбырашы Сержан Шәкірат Ысқақұлы және басқалар ән – күй, жырымен өнер туын жоғары ұстап келе жатыр.

Ал, жоғарыдағы өнер шеберлерінің қай – қайсысы да тек қана жырмен немесе күймен, әнмен шектелмеген. Олар жан – жақты: әнші де, жыршы да, күйші де бола білген. Бұл қасиет барлығына дерлік тән қасиет болған.

Адайдың «Бес жүйрігі»

Бұлардың өнері, асыл сөздері ұрпақтан – ұрпаққа жетіп, өз заманында иісі қазаққа, қала берді көршілес түркімен, қарақалпақ, өзбек жеріне белгілі болған. Ерекше талантына, ақпа – төкпе суырып салма қасиеттері өзгелерден ілгері, ой – өрісінің кеңдігіне қарай оларды ел арасында «Адайдың бес жүйрігі» деп ерекше атаған. Өнер шеберлерінің бұл тобында адай-

дың бас ақыны деп есептелетін атақты Тіней Өгізбай-дың шәкірті Абыл Тілеуұлы (1777 – 1864), Нұрым Шыршығұлұлы (1831 – 1908), Ақтан Керейұлы (1850 – 1912), Қашаған Күржіманұлы (1841 – 1929), Аралбай Оңғарбекұлы (1854 – 1919) бар.

Адайдың жеті қайқысы

Екінші шоғыр – «Адайдың жеті қайқысы» бұлар жұптарын жазбай ұлы той – жиын думандарға бірге барып, жетеуі жеті жерден ән салып, жыр айтып, домбыра тартып, халықты туа біткен өнерлерімен таңдай қақтырған, атақ – даңқтары бүкіл Маңғыстау, Атырау, Теке, Ақтөбе, Орынбор өңірімен қоса көрші елдерге де мәлім болған. Ол кезде кәзіргі қалалы жердегідей театр сахнасы болмаса да, сахараның кең жазира сары даласын тендеусіз кең дауыс, кербез саздарымен кернеп, елді еріксіз еліктіріп, әндерімен тербеген, өзі ән шығарған немесе басқа біреудің әнін халыққа нақышымен орындаушылар болған. Дей тұрғанмен, сол әншілердің ішінде де озық – шашасына шаң жұқтырмас дүл-дүл, даусының кеңдігі ұлан-ғайыр, тек ән өнерімен ғана шектелмей, оған қоса өзінің де шығармашылық, ақындық қасиеті бар, қатарынан озған тума дарын иелеріне ғана «қайқы» атағы берілген.

Олар өнер сайысынан тендессіз жеңіспен оралып келе жатып:

Жиылып жеті дүлдүл желе кеттік,
Жұп жазбай серілікпен елге жеттік,
Әншінің айдап жүрген еш малы жоқ
Өнермен мерекені ермек еттік.
Ерітіп соңымызға көпшілікті,
Өнерді жасымыздан өрнек еттік,
Кең ойып шаршы топтан орын алып

Қара өлең төрттен салып дөңгелеттік, - деп таныстырған әншілер тобы кімдер еді? Олар: Медет – Жылгелді Теңізбайұлы (1855 – 1938), Жаңай – Өскінбай Қалмамбетұлы (1860 – 1925), Кенже – Әділ Өтеғұлұлы (1869 – 1931), Жары – Шолтаман Байсарыұлы, Сүйіндік – Тастемір Тойнашұлы, Қаржау – Тұрсын Алдашұлы, Мая – Досат Бәйменбетұлы болатын.

«Жеті қайқы» өнерпаздарының қатарынан оқ бойы озық өнерлілер болғандары даусыз.

«Адайдың жеті қайқысы» атағының берілуі туралы екі түрлі әңгіме бар. Бірақ, әңгіменің негізгі желісі өте ұқсас. Екі әңгімеде де төрешілік еткен адам біреу, ол – атақты би Жаманқара – Иса Тілеубайұлы (1829 – 1909). Айырмасы – бір әңгімеде болашақ «қайқыларды» бір шыязда (съезде) делінеді де, екіншісі «Тесіктам» деген жерде үлкен бір аста олар өзара өнер сайысына түскен дейді. Оқиға желісі өте ұқсас болғандықтан, екінші желісін баяндайық.

Сонымен, үлкен ас «Тесіктам» деген жерде өтіп, осы жиында өнер сайысы өткізіледі. Жарыс қорытындысы бойынша комақты сыйлықтар таратылады. Бас бәйге Медет Жылгелдіге беріледі. Бидің бұл шешіміне көңілі толмаған адамдар табылып: «Иса дұрыс шешім қабылдамады, бірінші жүлдені ағайыны Жылгелдіге бүйрегі бұрды, біздің Өскенбай да сегіз қырлы өнерпаз еді, би әділ билік етпеді» - деп, күңкіл шығарған көрінеді. Сол кезде ас иесі «Уа, қалайық! «Араларыңда реніш болмасын, Өскенбай да бірінші орын лайық» - деп, ақ боз атты көлденең тартыпты деп баяндайды.

Асқа келген көп халық өнер сайысын тамашалап, риза көңілмен тарасып, өнерпаздарға «Адайдың жеті қайқысы» деген атағын берген екен дейді. Осыған орай Өскінбай Қалмамбетұлы «Жеті бұлбұл» атты күй шығарған, кәзір ел арасында «Ақжелең» деп орындалып жүр.

P.S.

«Жеті қайқының» бірі Тастемір жөнінде. Сол кезде Тастемір атты өнерлі адам біреу болмаған. Көпке дейін оның руы, әкесінің аты белгісіз болып келді. 1994 жылы «Тастемір өзім атым ағам Нұрым...» атты өлеңі табылып, марқұм Ізбасар Шыртанов Нұрым ақынның інісі болар деп

Шыршығұлұлы болып жазылған. 1998 жылы І.Шыртановтың «Тастемір Қосайдың Тіней руынан екен» деген тағы бір мақаласы жергілікті газетте жарық көрді, бірақ ешқандай дерексіз. Шындығында мұның бәрі тек толшылап жорамалдау ғана болатын. Осылардан кейін Тастемір атамyzдың «Сұрасаң руымды Жаманадай, Қолымда көк қаршыға томағалы-ай. Ерегес екі талай болған кезде, Байрақты бізден бұрын кім алады-ай» деген жаңа бір өлеңі табылды. Енді осыдан кейін руы жөнінде талас пікір болатын жері қалған жоқ. Әкесінің аты туралы (Сүйіндік-Шақшақ-Тойнаш). Тойнаштан-Базар, Назар, Рахыш, Әбдір, Тастемір. Соңғы екеуінен ұрпақ қалмаған. Жыл қайырумен санағанда Адайдан он екінші ұрпағы, жобамен 1855-1860 жылдары өмірге келген, қайқылар заманына тұстас келеді. Тастемірдің «Қартайып жас 60-қа келгеннен соң, осы күн жүгіреді итім қырын» дегеніне қарағанда, (1860+60) 1920 жылы 60-тан асып өмірден өткендігін дәлелдегендей. Ж.Жылқышиевтің «Адай шежіресі» 9 томдығының 1-том 538-539 беттерінде Тастемір Тойнашұлы екендігі анық көрсетілген. Бұл жерде біздің айтпағымыз бұрын анық білместіктен Шыршығұлұлы деп шатассак, енді белгілі болғандай Тойнашұлы деп өзгерткенді дұрыс санаймыз. Біліп отырып өзгертпесек, сіздер мен біздерге тарих алдында сын болмай ма және болашақ ұрпақ бұл қателігімізді кешіре ме? Біреуді біреуге телігеннен не ұтамыз.

Қазақстанның басқа өңірлеріндегі әнші, күйші, сал – серілер, би-батырлар туралы, олардың өмір – тарихтары, суреттері, 1989 – 1990 – шы жылдардан кейін бірқатар баспа беттерінде жарияланып, кейбірі оқулықтарға енді. Ал, Маңғыстаудың ақпа – төкпе ақын жыраулары, әнші – күйшілері, «елім» деп еңіреп өткен, еліне пана болған би-батыр бабаларымыз (Есекмерген, Шотан, Бердалы, Құлбарак, Тұрмамбет, Атақозы Балунияз, Балта, Төлеп, Амантұрлы, Қожалақ, Сүгір, Сүйінқара, Кенже, Иса, Досан және т.б.), дала заңымен елді бітімшілікпен біріктіріп отырған билер (Қосай Атағозы, Шегем Көбен, Есен Сейіт, Құлыш Түменбайұлы, Бәйменбет Маяұлы, Ғафур Қалбыұлы, Ерменбет Тұрұлы, Есен Ерменбет, Жаманқара Иса Тіленбайұлы, Абыз Тілеген Алдарұлы, Шақа Боранғұл, Шоңай Қожық, Жары Мәтжан, Бабық Мыңбай, Сүйіндік Құдас Нұрберген, Сармерген, Бәли Өришан, Тобанияз Әлниязұлы, Қараш Батанияз, Олжашы Айдарбай, Жеменей Доспанбет т.б.) елеусіз қалған сияқты. Маңғыстау тарихын жазушылар да, ел қорғаушы би-батырлар – күні бүгінгі тарихымызды жасаушылар емес пе. Маңғыстаулық ақын – жырауларды республикалық баспасөздерге мүмкіндігінше шығарып, халыққа азды – көпті таныта бастаған марқұм Қабиболла Сыдиықов ағамыз ғана екен. Бірақ мұндай үлес қосқан апа-ағаларымыздың саны бір қолдың саусағына да жетпейді. Ал, Маңғыстау өңірінің қыр-сыры басқа өлкелермен салыстырғанда, қаймағы әлі бұзылмастан жатыр деуге болады.

КСРО кезінде үкімет тарапынан тыйым болса, егемендігімізден кейін өзіміздің енжарлығымыздан көптеген өлке тарихы, өнер туындылары жер астына кетті, яғни оларды көрген, естіген қарт адамдар өте сиреп қалды. Кеш қалдық! Өзіміздің естігендерімізге де уақытында мән бермей салақтық жасадық. Сұраушы да жоқ болды. Жан-жағымызды енді қармалап іздене бастаған сияқтымыз.

Осыған орай жергілікті Ш.Есенов атындағы Ақтау мемлекеттік университетінен «Жыршы», «Дәстүрлі әнші» және «Өнертану» мамандықтарын ашып, зерттеу бөлімдерін ұйымдастырып, болашақ ұрпаққа бағыт сілтер із қалдыру барша-мыздың ортақ парызымыз болмақ.

Әділ ЖҰМАЛЫҰЛЫ,
зейнеткер,
Ақтау қаласы



Әбіштің әңгімелерінен...

Сөз күдіреті

(Жалғасы. Басы газеттің алдыңғы сандарында)

- Әлгі уақыт деген тәңірінің әміріне мойын ұсынғысы келмеген қай құбылыс болмасын күйрейді. Өнердегі күйреу-үшті-күйді жоқ болып кету емес, тұралап тұрып алу. Мимырт аяңның да одан асып жатқаны ештеңесі жоқ. Салпақтап қараға ілесіп отыруға қай елдің мәдениеті болмасын арланады.
- Дүниедегі қай құбылыс та биік дәмеден, биік ұмтылыстан туған. Шынсыз, әсіресе, өнер өмір сүре алмайды.
- Формализмнің түп төркіні – идеясыздық. Формализмге қарсы күрес жаңа түрге қарсы күрес емес, түрін бұлдаған идеясыздыққа қарсы күрес.
- Ендеше, біздің сыншылдарымыздың он бір буыннан, үйреншікті өлең өлшемдерінен шығып кеткендердің бәрін бірдей социалистік реализмге қиянат еткендердің санатына қоса салуы атымен әбестік.
- Адам, әдетте, өлшемге, тайға таңба басқандай дәл анықтамаға құмар. Ал, Болмыс біз неғұрлым ғұлама болған сайын біздің кешегі тәптіштеп тастаған өлшемдерімізді өтірікке шығарып, санамыз айналасын көбірек көре алатын биікке шыққан сайын, бұрынғыдан да бетер кеңейіп, ұлғайып – көл көсір боп көсіле түседі.
- Сонымен, поэма жанрының негізгі объектісі – болмыстың асқақ сипаты.
- Асқақтық – белгілі бір кезеңде қоғам, қоғам мүшесі өте-мөте құштар болған құбылыстар мен күштердің эстетикалық сипаты. Құбылыстардың асқақтық сипатын түптеп келгенде оның әлеуметтік маңызы, әлеуметтік әсері шешеді.
- Поэма прозадай не психологиялық драмадай адам жанының ұңғыл-шұңғылын зерттемейді. Проза мен драманың табан тірері – адам психологиясы, кісі характері болса, поэманың табан тірері – адам рухы.
- Творчество – сол әйгілі қайшылық бар болмысымен егжей-тегжейлі көріне алатын бір сая ғана. Өйткені творчество – өмірдегі ең елгезек, ең сезімтал құбылыс. Ол да сұңғыла күйші сияқты болмыстағы ең бір майда, ең бір нәзік дірілдердің өзін қалт жібермей қағып ала қояды. Жайбаракат қабылдамайды, тебірене, толғана қабылдайды.
- Асқақтық – алапат құштарлық, рухани арпалыс. Сондықтан ол арбасқан сезімді, айқасқан ойды сүйеді. Азаматтық пафос – сол рухани арпалыстың сыртқа тепкен алау рухы. Оның өне бойы дір-дір еткен драмалық кернеу болуға тиісті. Осы драматизм, осы драмалық кернеу поэмаға керек. Ол оқиғаға құрылсын-құрылмасын – бәрібір керек, қалайда керек. Онсыз ол азаматтық пафостан да, асқақ болмыстан да ада.
- Поэма болу үшін оған да драмалық кернеу, драматизм керек. Лирикалық поэманың төсегі де-асқақ рухтың арпалысы, теке тірес сезімдер мен ойлардың от шарпысқан арбасуы. Лирикалық поэма – сайып келгенде, біздің ғасырымыздың төл перзенті. Өйткені жиырмасыншы ғасыр – оқиғалар қақтығысы ғана емес, ойлар қақтығысының да заманы.
- Әртүрлі жанр - реалды өмірді әр қырынан бейнелейтін призма.
- Адам, адам қоғамы – әдебиеттің бейнелеу объектісі ғана емес, сонымен бірге оны өсіретін, өркендететін де күш. Адам және қоғам, адам және болмыс – әдебиеттің ең басты тақырыбы болумен қатар, оның өсуінің, өзгеруінің, өркендеуінің де ең басты, ең негізгі факторы.
- Пайдакүнемдік мораль адамды қоғамның саналы мүшесінен гөрі айтқанды екі етпейтін тіл алғыш, көзсіз көбелекте, осы заман тілімен айтсақ, не тапсырсаң да тапжылтпай орындап беретін роботқа айналдыруды көздейді. Бұл жолдағы басты қармақ – ақша. Сонда буржуазиялық мораль жеке адамның тіршілігіне не қалдырады?
- Ал, адам биологиялық құбылыс болумен қоса әлеуметтік құбылыста ғой.
- Осы замаға тоғышарлық мораль. Ең алдымен, сол әлгі адам бойындағы рухани белсенділікке өш.
- Адамның кез келген еңбегі – оның көкейін билеген мұрат-мүдделер үшін жанқиярлықпен жүргізіп келе жатқан күресі. Творчество – дамыл таптырмас еңбек. Творчество – дамыл таптырмас

күрес. Бұнда болмысқа деген өнерпаз қызметіне деген әр алуан көзқарас пен әр алуан түсініктің күресі бір сәт тоқтамайды.

- Сынды субъектизм жайласа, әдебиетті сапасыздық, сұрқайылық жайлайды. Өйткені, субъективті сын дау-дамайсыз жүрмейді. Ондай итір-қылжың даудың тұсында сойыл да, шокпар да екі-үш шығарманың үстінде болады да, талай олқы, талай кеміс тым-тырыс жата береді. Әдебиеттегі кездейсоқ элементтердің субъективті сынды жақсы көретіні де сондықтан.
- Әдебиеттегі тоғышар элементтерге, сүреңсіздік пен ортақолдылыққа, халтура мен конъюктураға іздесе таптырмайтын тағы бір қолайлы жәйт - сындағы теңгермешілдік. Бұның біздегі ең көп тараған түрі – жақсы шығарманы да, жаман шығарманы да бір сүрлеумен талдау.
- Шын жақсы шығармаға сыншы қуануы керек. Егер ол жақсы шығармаға таңдай қағып қуана алмаса, әдебиеттің әділ таразысы – сыншы емес, бақай есепке маманданып ап, жазушы мен жазушының арасынан күнкөріс айырып жүрген біреу болғаны.
- Сырласу үшін сыр айтатын кісіге, сыр тыңдайтын кісіге де парасат қажет. Екеуінен де сыр табылмай тұрып, екі кісі бас қосқан әңгіме сырласу бола бермейді.
- Сырласу - молшылық, кеңшілік. Әдетте кісі сырласып отырып, мол пейілін жайып салады, мол пейілін жайып салып отырып сырласады.
- Өмір туралы әңгіме қашаннан, қай заманнан бері өзек өртер басты әңгіме болмай, еріккендер айтатын қосалқы, бұралқы әңгімеге айналып еді?!
- Әдебиетте адалдықты, ізгілікті тек талант қана жақтай алады. Талантсыздық – өзі арамдық, өзі әділетсіздік болғандықтан, ешқашан адалдықтың, ізгіліктің, әділдіктің сөзін сөйлей алмақшы емес.
- Талант шындықтан ғана шындық, ізгіліктен ғана ізгілік жасай алады, ал қанша құдыретті болғанмен, жалғаннан шындық жасай алмайды; ал талантсыздыққа шындықтың сөзін сөйлетсіңіз де – трагедия.
- Таланттың тойы табыну үшін емес, тағылым үшін өтсе лазым. Тағылымдыларды танымау - бейбарактардың ісі, тағылымсыздарға табыну-бейшаралардың ісі. Сылқымдықты - сұлулық, сылдырақты - сыршылдық, сыздауды - сырбаздық, көк мылжынды - көсем тұту бар жерде өнер өрлеп тұр екен деп тек кешелер ғана ойлайды.
- Революция тек өмірге ғана емес, адамдардың, халықтың, ұлттың жан-дүниесіне де орасан зор өзгерістер әкелгенді.
- Революция елең алаңындағы лирикадан бақ тайды деген пікірдің асығыс, ағат пікір екенін совет әдебиеті әлем алдында дәлелдеп берді.
- Тұрпайы социология тұсында лириканы дайын идеяларға иллюстрация әзірлеумен, дайын тезистерді ұйқасқа түсірумен шектегісі келгендер де табылады.
- Алайда, заман парқын, дәуір табиғатын кез-келген уақытша үкім, уақытша нұсқау біржолата көлегейлеп тастай алмайды. Әлгіндей қаншама қара дүрсін қағидалардың өктемдігі өткенмен, әдеби процесс өз арнасын тастап кетпейді.
- Фашизм машинасының айтқанды екі етпейтін құлақкесті құлына қарсы өз ары, өз ұжданы, өз ой, өз парасаты бар күрескер азаматты шығарды. Бұл екі талай соғыста жаңа маркалы техника емес, жаңа сипатты адам жеңіп шықты.
- Біз әрбір адамның еңбегі мен ерлігіне қандай сенетін болсақ, оның ар-ұжданына, ой-сезіміне де сондай сенеміз. Адамгершіліктің осы асыл қасиеті аяққа басылып, жеке адамның озбырлығы үстем құрған тұста өлеңді қалаған қанжығаға байлап жіберетін алтайы қызыл түлкідей көрушілік те ұшырасты.
- Лирика – адам жанын, сол арқылы қоғам келбетін аса жіті ұғып, аса нәзік бейнелейтін сезімтал өнер.
- Біздің әдеби сынымызда көп ретте эпика мен лириканың арасын ат шаптырым қылып алшақтатып қояды. Шын мәнінде, лирик - эпикалық герой. Ол мойнына ел жүгі түскенде ғана еркін көсіліп сөйлей алады. Ондай қасиетті жүктен мақұрым қалса, лириктің аузынан береке кетеді.
- Ойлау бәріміздің де азаматтық парызымыз екен. Терең ойсыз поэзия өзінің азаматтық парызын ойдағыдай атқара алмайды. Ой, ойлау қақысы біздің

қолымызға оңай түскен жоқ. Сондықтан оны қастерлеу қуерек.

- Ең үлкен тартыс – кісінің сезім дүниесіндегі тартыс. Оны қаз-қалпында мөлдіретіп жеткізуде музыка мен лириканың мүмкіндігі тіпті мол.
- Поэзия – адам жанын тебіrentкен, айтылмай, бейнеленбей тынбайтын өктем рухтың бейнесі; ақынның өзге жұрттан артықшылығы - бүкіл болмыспен, табиғатпен табысып, кез-келген кісі тебірене бермейтін құбылысқа тебіренетіні. Бұл ақынның табиғаты.
- Әкелік махаббаттың екі сәті – әкелік бақыт пен әкелік қайғы.
- Жалпы, өнер атаулы да екі ұдай емес жол бар дейсің бе? Күн сайын қыл көпірден тірідей өтіп отыратын өнерпаз өмірінің қиын болатыны да сондықтан.
- Гуманизм - махаббат; адамдық болмысты, адам сезімін, адам арын, адам еңбегін сыйлау.
- Өнер озып келген бір ғана атқа жүлде беретін ат бәйгесі емес. оның аспаны кең. Оған көп жұлдыз ғана көрік бола алады.
- Демек, таланттың жеткен биігіне талап жетісе алмай жатыр.
- Өлеңге, өнерге қойылатын талаптың екі қыр, екі астары бар.
- Демек, қоғам және ақын поэзияның ежелгі болмысы. Ақынды қоғам талабы өсіреді. Ақын поэзияны өсіреді. Қоғам талабы өзінен-өзі даритын күн нұры емес. Тіпті, өсімдік екеш өсімдікте топырақ құнарын жер қойнынан өзі тартып ап, өзі сіңіреді. Ақын да қоғам талабын үлкен рухани белсенділік, творчестволық ізденіс үстінде игереді.
- Талант табиғат тарапынан тегін сый, тегін байлық болса болар, ал сені туған халық пен дәуір, сол екеуінің ортақ мүддесін туындайтын қоғамдық мүдде тарапынан ең алдымен, қатаң талап, үлкен жауапкершілік. Адамды пендеден азаматқа айналдыратын да сол-қоғам алдындағы жауапкершілік.
- Өнер үшін, яки өнерпаз үшін бір-ақ өмір бар, ол-ізденіс, үздіксіз іздеу, табу, ашу. Бұдан жалыққан жерде әуелі өнердің күні, сосын өнерпаздың күні таусылады.
- Өнерде «өлі нүкте» болмайды. Онда тек кемелдену мен кері кету бар. Мұны жақсы қарқын танытқан жас ақындарымыз естеріне мықтап ұстауға тиісті.
- Эгоизм дүниенің барша жақсылығын иемденгісі келетін мінезімен сөлекет емес, сол өз басындағы жақсылық өзінен басқа ешкімнің қолына түспесе екен деген іштарлығымен сөлекет. Эгоист дүниеде өзінен басқа жан болмағанын қалайды. Ол сұлу қыздың көзіне түсуден бастап ел алдындағы абыройға дейін өзінен басқа ешкімге бұйырмағанын тілейді.
- Жымысқы эгоизм бейбіт жағдайда мансапқорлығын белсенділікпен, өзінен өзгеге енжарлығын, салғырттығын қаталдықпен, екіжүзділігін, айғақтығын, сырдаңдығын өтірік кішіпейілдікпен көлегейлеп бағады.
- Заман ағымына ілесу – тоғышарлық түсінік. Мұндай психологияның адамы таудан аққан тасқын судағы жаңқадай басын біресе тауға ұрып, біресе тасқа ұрып әбден әуресарсаң болады.
- Өзінді мына өмрдің қожасымын деп түсін, адам өзін-өзі құл етуге де, өзгеге құл еткізуге де жаралмаған. Адам мен қоғам арасында көлденең тосқауыл тұрмауға тиісті. Адам қоғамға тек білегімен ғана емес, жүрегімен, ақылымен, санасымен, өн бойында бар барша игі қасиеттің бәрімен қызмет етуге тиісті.
- Азаматтық жауапкершілік адамға шабыт, рухани ләззат беретін моральдық фактор.
- Қай заманда да адамның өз бақыты жолындағы күресі адамгершілік арнасынан ауытқымауға тиісті. Бақытқа барар жолда осылай түсінген адамның күресі ғана тек бір басынан емес, күллі адамзат қоғамының келешегін сәулеттендіре алатын рухани құбылысқа, әлеуметтік факторға айнала алады.

Фермебай ЕРЕЖЕПОВ,

Бақыт БАЛУЛЫ,

Халық ағарту ісінің озаттары,

Бейнеу ауданының құрметті азаматтары

(жалғасы газеттің келесі санында)



Болашақтың ұстазы



*Ұстаз болу-ұста болу
Шәкірттерден адам соғу!
Жан дүниесін жарқыратып
Айналаға жарық себу...!
Білмегенді қызықтырып
Білім беру үздік қылып
Сонда ғана мына қоғам
Дамиды алға тың ұмтылып*

Ия, ұстаз болу айтуға ғана оңай! Бұл мамандықтың қандай қиын екендігін, түнімен ұйықтамай жоспар жазған, ізденген, еңбектенген ұстаздар ғана біледі...! Сондай айтулы ұстаздың бірі, осы мектептің түлегі, бұл күндері нағыз өз ісінің шеберіне айналған әріптесім - Нұрым Жаннат Қайнарбайқызы.

2003 жылы біздің мектепке өрімдей жас қыз мұғалім болып келді. Екеуіміз де қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ беретін болған соң етене араласып жұбымыз жазылмай бірге ізденетін болдық. Сабақ жоспарлары мен мектепішілік іс-шараларға, түрлі жарыстарға бірге дайындалып, қоғамдық жұмыстарды да бірге атқарып жүрдік.

Ол жас болса да айтқан ақыл-кеңестерінді қағып алып, өз бетінше түрлендіре дамытып, әр сабаққа тыңғылықты дайындалып келетін. Бүгінгі күні теориялық және әдістемелік шеберлігі жетілген, шығармашылықпен сүйіп айналысатын, қазақ тілі мен әдебиетінің зерттеуші-педагогі. 16 жыл еңбек өтілінің бастапқы жылдарында, түрлі көркемдік құралдармен сабағын қызықты өткізе білсе, соңғы 5-6 жыл көлемінде ноутбук пен интербелсенді тақта – оның ажырамас жұмыс құралына айналған. Ғаламторда "жылт еткен" жаңалықты қалт жібермей қадағалап, оқулықтағы мәліметтерден бөлек "қосымша қызықты ақпараттар" атты зейін шоғырландыруға бағытталған әдіс-тәсілдері – аталған пәндерді сүйіп оқитын оқушылар тізімін 100 % көтеріп отыр. Бұған дәлел ретінде қолымда түрлі дипломдардан жүлделі орындар алған 53 түрлі марапаттардың тізімі бар.

Мұғалімдікпен қатар пән бірлестік жетекшілігі лауазымдық қызметін шебер ұштастыра білген ұстазды, шәкірттерімен қоса ата-аналары да ерекше құрметтейді. Өз әріптесімнің бойынан байқаған тағы бір озық қасиет – оның шексіз еңбекқорлығы. Қазақ ақын-жазушыларының шығармаларын оқушыларға терең насихаттай отырып, түрлі мүшәйралар мен жарыстарға талай шәкірттерін тұлпардай баптап қосып отырды. Бағы мен бабы қатар шапқан оқушыларымыз – Жетібай ауылының №4 орта мектебінің абыройын үнемі асқақтату үстінде. Жыл сайын дәстүрлі түрде өткізілетін "Ақберен", "Мағжан оқулары", "Мәшһүр Жүсіп", "Әбіш Кекілбаев атындағы жыл сайынғы сыйақы тағайындау" байқауының "Жас көркемсөз шебері", "Жас ғалым", "Жас ақын", "Жас актер" номинациялары бойынша аудандық сайыс жүлдегерлерінің басым бөлігі - Жаннат Қайнарбайқызының шәкірттері. 2019 жылы

облыстық "Әбіш Кекілбаев атындағы жыл сайынғы сыйақы тағайындау" байқауының "Жас көркемсөз шебері" номинациясы бойынша Тәжібай Заманбек I дәрежелі диплом Үздік оқырман номинациясы бойынша Социал Бақытжан III дәрежелі диплом иеленді. Манас Әйгерім, Өткелбай Арайлым, Әлқуат Ұлмекен, Төлеген Ақбота т.т. оқушылардың да үнемі алып жүрген жүлделері – Жаннат ұстаздың ерен еңбегінің жемісі мен жеңісі деп біледі біздің ұжым.

Жан-жақты, шебер ұйымдастырушы, зерттеуші, заманауи әрі шығармашыл ұстаз, IT технологияның да қыр-сырын терең меңгеріп, өз білімін үнемі жетілдіру үстінде. Бұған дәлел ретінде әріптесімнің аудан көлемінен бастап облыстық деңгейде алған түрлі дипломдары мен алғыс хаттары, мадақтамалары мен сертификаттары куә. Бұл жарыстар менің әріптесімнің ұйқысыз өткізген, ізденген, шаршаған, қуанған, толқыған жүздеген күндері мен түндері... "Еңбек түбі жеңбек" - дейді дана халқымыз. Мен жас мамандарды Жаннат Қайнарбайқызы секілді еңбекқор, өзіне талапшыл, ізденімпаз ұстаз болуға шақырамын.

Қорыта айтқанда, "білікті ұстаз - мектептің абыройы, білімді ұрпақ - ұлт абыройы!" - демекпін. Соңымыздан еріп келе жатқан ізбасар мамандарға қолымыздан келгенше ақыл-кеңес беріп, уақыт өте келе, беделді тұлғаға айналып жатса алғыс пен ақ тілеуімізді айтып, жақсылығын көпшілікпен бөлісе отыруды - өзімнің азаматтық борышым деп санадым.

Жанат НАЗАРБЕКОВА,
№4 орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
Қаракия ауданы

Заместитель директора по воспитательной работе



Заместитель директора по воспитательной работе сегодня - это талантливый организатор, методист, духовный наставник.

О человеке, который соответствует вышеуказанным критериям, я хочу рассказать в своей статье.

Бердисурирова Кания Копжасаровна работает заместителем директора по воспитательной работе в средней школе 2 города

Актау с 2017 года. Педагог интересный, творческий. Вся её работа способствует выработке у учащихся сознательного отношения к материальным и духовным ценностям.

Кания Копжасаровна методически грамотно и профессионально осуществляет руководство воспитательным процессом в школе.

Основной целью своей работы она ставит развитие индивидуальных способностей ребёнка, выявление творческих и одаренных детей, укрепление физического и психологического здоровья.

Обладая высоким уровнем административной мобильности, Кания Копжасаровна постоянно развивает свои организаторские способности, планируя работу с учащимися с учетом их возрастных особенностей.

Старается развивать в детях такие качества характера, как самообладание, защищённость, ответственность. Благодаря успешно поставленной работе, школа имеет своё лицо, добивается

высоких результатов на различных мероприятиях городского, областного и республиканского уровней.

Значительных успехов школа достигла в патриотическом воспитании учащихся и их физической подготовке.

Учащиеся средней школы номер 2 - не просто участники всех внеклассных мероприятий города, области, они занимают призовые места. Всё достигнутое невозможно без кропотливой ежедневной работы.

Много времени и сил она отдаёт организации, контролю и руководству работы классных руководителей.

На заседаниях МО рассматриваются вопросы повышения методического уровня организации воспитательной работы, изучаются новейшие педагогические технологии, нормативные документы.

Особое внимание Кания Копжасаровна уделяет правовому воспитанию учащихся, работе с трудными подростками.

Важным аспектом организации воспитательной системы в школе является работа с родителями. Проблемы семейного воспитания рассматриваются на заседаниях совета по профилактике правонарушений, который работает в школе еженедельно.

Заместителя директора по воспитательной работе отличает внутренняя культура, добросовестность, чувство ответственности. Она интеллигентна, предана своему делу, за что и пользуется уважением среди коллег, учащихся и родителей.

Кания Копжасаровна занимает активную жизненную позицию и ведет большую общественную работу.

З. ТЛЕУГАЛИЕВА,
учитель русского языка и
литературы
средней школы №2,
г.Актау



Жақсы Ұстаздың еңбегін үлгі тұтам

Тұякова Меруерт Алханқызы М. Тынышбаев атындағы Қазақ Көлік Коммуникациялар академиясы Ақтау көлік колледжінің физика пәні мұғалімі. Студент жүрегінен жарқын жол таба білген жаста, білікті әріптесім. Алдымызда отырған баланың сабаққа қызығушылығы тікелей мұғалімге байланысты екені анық. Студенттердің физика пәніне қызығушылығы, ынтасы өте жоғары. Мен мұның бәрі Меруерт Алханқызының еңбегі деп білемін. Соның нәтижесінде студенттеріміз республикалық, облыстық, халықаралық байқауларға қатысып жүлделі орын иегерлері атанып отыр.

Жетістіктерін айтар болсақ, 2018 жылы – Мағыстау облысының жастар саясаты мәселелері басқармасы басшысының алғыс хатымен, 2020 жылы – Манғыстау облысының білім басқармасының алғыс хатымен, қалалық білім басқармасының мақтау



қағаздарымен бірнеше рет марапатталды.

«Қашықтықтан оқытуда жаңартылған бағдарлама бойынша физика пәнінен зертханалық жұмыс өткізу» республикалық мақала жариялады.

«Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: заманауи білім берудегі инновациялар мен әдістемелер» тақырыбындағы техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының

«Жаратылыстану бағыты» бойынша жалпы пәндер оқытушыларының облыстық педагогикалық оқуына облыстық деңгейде қатысты.

Ұлағатты ұстаз жаста болса, бас бола білген үлгі аларлықтай әріптес. Ол барлық салада ұйымдастырылып отыратын іс-шаралар, семинар, конференциялардың белсенді қатысушысы. Қазіргі таңда «Автоматтандыру және тасымалдауды ұйымдастыру» бөлімшесінің пәндер бірлестігінің жетекшісі. Студенттеріміздің білім сапасында биіктерден көрінуіне және рухани тәрбие алу мақсатында көптеген жұмыстар атқарып келеді.

Азиза БИДАШЕВА

Әркімнің өз дара жолы бар



«Адамның адамшылығы жақсы ұстаздан» деп, қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлы айтқандай, арамызда елдің, ата-ананың алғысын алып жүрген ұстаздарымыз аз емес. Солардың бірі - ұстаздарға ұстаз болып отырған МКҚК №44 «Шаттық» бөбекжайының директоры Бейсенова Алия Орынбасарқызы. Еңбегіңіз еленіп, құрметті демалысқа шыққан қуанышты күніңіз құтты болсын!

Зейнет жасқа жетіп кепсіз зымырап,
Бірақ қимыл әлі жастай шымыр - ақ.
Еңбегіңіз зейнет болсын ендігі
Күндеріңіз мұң салмасын қырындап.

Талай күндер төккен термен өткен күн,
Қуаныштың нәрі көкпен сепкен күн.
Талай жылдар тағылымы толысып,
Еңбектен соң зейнет келіп жеткен күн.

Еленді еңбек қуанышты бәріміз,
Зейнет жаспен құлпырады сәніңіз.
Жалынды жас кейпін әлі сақтапсыз,
Қуанышқа ортақ кіші - кәріміз.

**Лена АЙТЖАНОВА,
Маржан ОНЛАНБЕКОВА,
МКҚК №44 «Шаттық» бөбекжайы
әдіскерлері**

Құрметті Зейнеп Бекмолдақызы!



Сізді мерейлі 55 жасыңызбен құттықтай отырып, көңілден шыққан ізгі тілегімді арнаймын. Өз ісіңізге берілгендігіз бен адамгершілігіңіз үшін әріптестеріңіз сізді білікті маман ретінде құрмет тұтып сыйлайды.

Зейнеп Бекмолдақызы №21 жалпы білім беретін орта мектепте директордың әдістемелік жұмыстары жөніндегі орынбасары қызметін атқарады. 2019 жылы Маңғыстау облысы әкімінің «Алғыс» хатымен марапатталған. 2020 жылы Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті Маңғыстау облысының білім саласындағы бақылау департаментінің жанынан

құрылған комиссия мүшесі, 2019-2020 оқу жылдарында облыстық сараптамалық комиссия мүшесі болған.

Біліктілігіңіз бен іскерлігіңізді орайлы ұштастыра отырып, білім беру ісіне сүбелі үлесіңізді аянбай қосып келесіз. Сізге ақ ниет пен қартаймас, жайдарлы көңіл мәнді де мағыналы өмір, жемісті еңбек пен сарқылмас қуат тілеймін. Көңіліңіз шаттық пен қуанышқа, жанұяңыз бақ пен берекеге толсын!

**Майра ЖАНГАЛИЕВА,
№ 21 ЖББОМ-нің
география пәні мұғалімі**



МАҒЫСТАУ
МҰҒАЛІМІ



Ақпараттық, танымдық және
әдістемелік басылым

Бас редактор
Елубаева Айымгүл Еңсегенқызы

Меншік иесі: «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамының филиалы
«Маңғыстау облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты»

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде 30.01.2013 жылы қайта тіркеуден өтіп, №13323-Г куәлігі берілген.

Мекен-жайымыз: Ақтау қаласы, 26 ш/а, 60-ғимарат
Тел: 8(7292) 33-27-11. E-mail: mm_gazeti@mail.ru

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді,
хаттар мен қолжазба қайтарылмайды.

Автор пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.
Деректердің дәлдігі үшін автор жауапты.

Газеттің электронды нұсқасы
orleuto.kz сайтында жарияланады.

Газет редакцияның компьютерінде
теріліп, беттелді.